№4 (20 869)
30 қаңтар,
2025 жыл, бейсенбі

Atr.kz gazeti

# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz

# БАСТЫ МАҚСАТ – халықтың әл-ауқатын арттыру



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ, ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ, ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ, ОБЛЫСТАР МЕН АСТАНА, АЛМАТЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДЕРІ, ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

*(Толығырақ 2-4-беттерде)*

*Қазына*

# Жер АСТЫНАН ТАБЫЛҒАН жақұт



ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ БҰДАН БҰРЫН ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНЫҢ ҚАРАБАУ АУЫЛЫ МАҢЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ҚАРАБАУ-2 ЖӘНЕ ҚАРАҚҰДЫҚ 1-2 ҚОРҒАНДАРЫНА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗГЕН БОЛАТЫН. ЖУЫРДА ОСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕСІН ТАНЫСТЫРУ МАҚСАТЫНДА «САРМАТ АЛТЫНДАРЫ» АТТЫ КӨРМЕ ӨТТІ.

*(Толығырақ 8-бетте)*

*Байырғы кәсіп*

# Африканың жайыны Атырауда өседі

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ БАЛЫҚ АУЫЛЫНДАҒЫ «БАЙШУАҚ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ ЕРЕКШЕ ЖОБАНЫ ҚОЛҒА АЛЫП ОТЫР. БҮГІНДЕ МҰНДА АФРИКАЛЫҚ АЛЫП ЖАЙЫН (КЛАРИЕВЫЙ СОМ) ӨСІРІЛУДЕ (ЖЫЛЫНА 150 ТОННА). ОЛ ҮШІН ЖОБАЛЫҚ ҚҰНЫ 115 МЛН. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН ТОҒАН ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ.

Инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаражаттың басым бөлігі (80 млн. теңгесі) «Атырау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы АҚ арқылы бөлінуде. Қазіргі уақытта «су маржаны» өсірілетін тоғанның құрылыс жұмыстары мәресіне жете келді. Жайынның шабақтары мен жемі сатып алынды. Балық өсіретін тоған ангарының құрылыс жұмыстары толықтай бітіп, жайын шабақтары мен жемдері сатып алынды. Басты мақсат – бизнес-жоспарда көзделгеніндей, табиғи ортаға бейімделген тоғандарда өсірілетін балық шабақтарын тауарлы салмаққа дейін жеткізіп, тұтыну нарығына шығару, - деді қожалықтың төрағасы Ахан Құралбаев.

Шаруа қожалығы әрқайсысының салмағы 5 грамм болатын африкалық жайын балығының 2 млн. дана шабағын Түркістан облысының Шардара ауданындағы «Болашақ» ШҚ-ынан сатып алған болатын. Жобада қарастырылғандай, африкалық жайынның Атырауда өсіріліп, көбеюіне қажетті алғышарттар мен биологиялық негіздемелер халықаралық сапа стандарттарына сай дайындалды.

Бүгінде тауарлы балық өндірісіне маманданған «Байшуақ» шаруа қожалығы нақты жұмысқа кірісуге керекті құжаттарды рәсімдеп, инспекция тарапынан тиісті рұқсат қағаздарын алып, жұмысты бастап кетуге дайын отыр.

**Самал ЖЫЛҚЫШИЕВА,**
**Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының бас маманы**

*Нысана*

# Кәсіпкер АРАША СҰРАЙДЫ!



ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСЫП, ЖЕТКІЗГЕН ТАУАРЫ ҮШІН АҚЫСЫН АЛА АЛМАЙ ЖҮРГЕН КӘСІПКЕР «АНТИКОРДЫҢ» КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНУГЕ МӘЖБҮР БОЛЫП ОТЫР. ЖЕРГІЛІКТІ МОНОПОЛИСТ КӘСІПОРЫНДАР ТАПСЫРЫСТАРЫН АЛҒАННАН КЕЙІН ҚАРАЖАТТЫҢ ЖОҚТЫҒЫН СЫЛТАУРАТЫП, ТӨЛЕМ ЖАСАУҒА АСЫҚПАЙДЫ ЕКЕН. АЛ ТАУАРЫН ҚАРЫЗҒА АЛҒАН БИЗНЕС ИЕСІ УАҚЫТ ӨТКЕН САЙЫН НЕСИЕ ПАЙЫЗЫНЫҢ ӨСІП, ТАПҚАН ПАЙДАСЫНЫҢ БҮРКУГЕ ДЕ КЕЛМЕЙ ҚАЛЫП ОТЫРҒАНЫНА НАРАЗЫ. ТАҒЫ БІР АТЫРАУЛЫҚ КӘСІПКЕР ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН АЛҒАН ЖЕР УЧАСКЕСІН 2 МЕТРГЕ КЕҢЕЙТЕ АЛМАЙ ӘБІГЕРГЕ ТҮСКЕН. МАМАНДАРДЫҢ АЙТУЫНША, ЕКІ ДЕРЕК ТЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІН ТУҒЫЗАДЫ.

*(Толығырақ 12-бетте)*

*Инфрақұрылым*

# Жол азабынан құтыла алмадық

БЫЛТЫР ЖАЙЫҚ, ОЙЫЛ ЖӘНЕ ЖЕМ ӨЗЕНДЕРІНДЕГІ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ОБЛЫС АУМАҒЫНДАҒЫ АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫ МЕН КӨПІРЛЕРДІ СУ БАСЫП, БІРШАМА ҚИЫНДЫҚ ТУЫНДАТҚАНЫ БЕЛГІЛІ. АТАП АЙТСАҚ ҚЫЗЫЛҚОҒА, ЖЫЛЫОЙ, ИНДЕР, МАХАМБЕТ АУДАНДАРЫ МЕН АТЫРАУ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНДА ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 27,9 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ МЕН 6 КӨПІР БҮЛІНГЕН. ЕНДІ ОЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН АЯҚТАЛУЫ ТИІС. ДЕЙТҰРҒАНМЕН ОДАН БЕРІ ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТ ӨТСЕ ДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТЫҢ ШАБАНДАУ ЖҮРІП ЖАТҚАНЫНА КӨҢІЛІ ТОЛМАЙДЫ.

*(Толығырақ 7-бетте)*




*Суретті түсірген **Ерлан Алтыбаев***

# Балабақша тәрбиеленушілерінің арасында желшешек ауруының алдын алу

**Желшешек (немесе «шешек») герпесвирустық инфекцияны білдіреді. Бұл өте жұқпалы ауру, ол ауа тамшыларымен және байланыс жолдарымен таралады.**

Барлық жастағы адамдар ауруға бейім, негізінен балалар жиі ауырады. Жүкті әйелдерде аурудың даму қаупі жоғары, бұл әйел үшін де, ұрық үшін де көптеген асқынулармен қауіпті.

Инфекция көзі ауру адам немесе тасымалдаушы болып табылады, ол вирусты 100% жағдайда таратады, сондықтан ауру кезінде ауру мен сау адамдар арасындағы байланысты шектеу өте маңызды. Желшешек вирусы адам ағзасына негізінен зақымдалған тері және тыныс алу және ас қорыту мүшелерінің шырышты қабаттары арқылы енеді. Кейінірек ол шырышты қабықтың жасушаларына енгізіледі, содан соң ол қанға сіңіп, кейін ол теріге бекітіліп, аурудың көріністерін тудырады. Науқаспен байланыста болғаннан кейін инкубациялық кезең басталады, ол 30 жасқа дейінгі адамдар үшін орта есеппен 14 күнге (13-17), ал 30 жастан асқан адамдар үшін 11-21 күнге созылады.

27 мамыр 2021 жылғы №47 бұйрығы бойынша балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда (6 жасқа дейінгі балалар үшін) желшешек тіркелген кезде соңғы науқасты оқшаулаған сәттен бастап күнтізбелік жиырма бір күнге карантин белгіленеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда желшешек, скарлатина қайта пайда болған жағдайда ауырып сауыққан балалар жіті көріністері жойылғаннан кейін топқа жіберіледі. Желшешекпен ауырып сауыққан балалар ұйымдастырылған ұжымға сауығуына қарай, бірақ бөртпе пайда болған кезден бастап тоғыз күннен кейін жіберіледі. Карантин кезінде жаңадан келген және уақытша болмаған балаларды қабылдауға, сондай-ақ балалар мен персоналды бір топтан екінші топқа ауыстыруға жол берілмейді. Желшешекті эпидемиологиялық зерттеп-тексеру бір ұйымдастырылған ұжымда өзара байланысты үш және одан да көп жағдайларды тіркеу кезінде жүргізіледі.

Желшешекке қарсы шаралар Балалар топтарында инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған профилактикалық бағдарлама әсер ететін бірқатар шараларды қамтиды: 1) балалар мекемелерінде инфекцияның алдын алу; 2) қоздырғыштарының таралу жолдарын үзу; 3) балалардың инфекцияға төзімділігін арттыру. Балалардағы желшешек ауруының алдын алу үшін балаларды мектепке дейінгі мекемеге қабылдау кезінде күнделікті медициналық тексеруден өту қажет. Әсіресе терінің, көзге көрінетін шырышты қабаттардың, ауыз қуысының, орофаринстің күйіне назар аудару керек. Дене температурасын міндетті түрде өлшеу.

**А.БАТЫРХАЙРОВА,**
**Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«НефтестройСервис ЛТД» ЖШС-і «Атырау облысы, Атырау қаласы, «Атырау-Доссор» тас жолының бойында орналасқан 5 вагонға арналған сусымалы жүктерді тиеу-түсіруге арналған қолданыстағы эстакаданы бұзу және 10 вагондық сусымалы жүктерді тиеу-түсіруге арналған эстакада құрылысын салу». Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында (https://ecoportal.kz/) 2025 жылдың 30 қаңтары мен 6 ақпаны аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар https://ecoportal.kz/ сайтының қоғамдық талқылаулар бөлімінде және npi.kz2006@bk.ru электрондық поштасы арқылы бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

# Атырау қаласының мәслихаты хабарлайды

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 карашадағы №383-V Заңына және 2021 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығына сәйкес, Атырау қаласы қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеуге конкурс өткізілетіні хабарланады.

Жұмыс тобының сандық құрамы – 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік орган өкілі – 2, коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар өкілі – 5.

Құжаттар осы конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде қабылданады (30 қаңтар – 5 ақпан күндері аралығында).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтар төмендегідей құжаттарды ұсыну қажет:

1) осы үлгілік ережеңің 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша кандидатураны жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтініші;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтері;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Жұмыс тобына кандидатуралар бойынша ұсыныстар мына мекен-жайда қабылданады:

Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77а, №401 кабинет, электрондық пошта atyrau-maslihat@mail.ru, Байланыс телефондары: 8(7122) 27-12-67, Атырау қаласы мәслихатының аппараты.

**Атырау қаласының мәслихаты**

Қоғамдық кеңес туралы
үлгілік ережеге
1-қосымша
Нысан

Кімге ______________________
(республикалық деңгейде
мемлекеттік органның атауы
немесе жергілікті
өкілді органның атауы)

______________________________
тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер)
кімнен___________________

______________________________
(өтініш берушінің аты, жөні,тегі
(бар болған жағдайда),
жеке куәлік № ____,
берілді (қашан, кім))

**Өтініш**

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) ________________________________________
2) ________________________________________
3) ________________________________________
4) ________________________________________
5) ________________________________________
6) ________________________________________
7) ________________________________________

20___ жылғы «____» Өтініш берушінің қолы ________

# Атырау қаласы мәслихатының хабарламасы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, мәслихаттың кезекті XXVI-сессиясы өтеді.

Өтетін уақыты: 2025 жылғы ақпан айының 6-сы, сағат 15.00.

Өткізілетін орны: Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі №77а, үлкен мәжіліс залы

**Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:**

1. Атырау қаласы бюджеттік комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу туралы;

2. Атырау қаласы ауылдық округтер әкімдерінің 2024 жыл бойынша өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау туралы есебі;

3. Ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінетін бюджет қаражатын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру туралы.

**Атырау қаласының мәслихаты**

# Отбасы – қоғамды қалыптастырады

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ӨМІРДЕ ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛҒАН ОТБАСЫЛАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕ.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылғы тамыз айынан бастап Атырау қаласы және 7 ауданда өмірде қиын жағдайға тап болған отбасылармен жұмыс жасайтын «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемелері жұмысын бастап кетті.

Құрылған орталықтар:

- өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік, заңдық және психологиялық қолдау көрсетуге жәрдемдесуді;
- өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қолдауымен, оның ішінде интеграцияланған модель арқылы қолдаумен қамтуы жөніндегі жұмыстарды;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға дейінгі мерзімге уақытша тұру мүмкіндігін беру арқылы қолдау көрсетуді;
- мемлекеттік отбасы саясатының бағыттары мен шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;
- мемлекеттік отбасы саясатының шараларын, оның ішінде некені және отбасына сақтау, отбасылық жанжалдарды шешу жөніндегі шараларды;
- жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен, волонтерлермен, консультативтік-кеңесші органдармен мемлекеттік отбасы саясатын іске асыру, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі бойынша өзара іс-қимыл жасауды;
- мемлекеттік отбасы саясатының үрдістерін мониторингілеу және талдауды;
- халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның үйлестіруімен, өз құзыреті шегінде білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдар қатысқан кезде өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильдік топтардың жұмысын ұйымдастыратын болады.

Осыған орай, отбасын қолдау орталықтарымен Атырау қаласы және аудандар әкімдерінің орынбасарларының төрағалығымен білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары қызметкерлерін тарта отырып, мобильдік топтар құрылды.

Облыс бойынша орталықтар құрылған күннен бастап 2 243 адам хабарласты.

Ашылған орталықтарда 84 мамандар жұмыс жасайды. Олар хабарласқан адамдарға заңнама бойынша 1 109 адамға, медиатр кеңесі – 557 адамға, мүгедектігі бар азаматтарға көмек туралы – 422, демеушілік көмектер -106, өз-өзіне қызмет көрсету бұрышында көрсетілген қызмет – 51, психологиялық көмектер – 46, жұмысқа орналастыру бағытында – 33, денсаулық сақтау бағытында -31, әлеуметтік көмек, жәрдемақы төлеу, әлеуметтік қызмет, тұрғын үй, тұрғын алу үшін кезекке қою мәселесі бойынша – 23, балаларға білім беру, балабақшаға кезекке қою бойынша – 6, шағын бизнес ашу, гранттар алу мәселесі бойынша– 3, қайырымдылық және түрлі психологиялық және мотивациялық тренингтер – 14, барлығы 2401 қызметтер көрсетті.

**Жанар ҚАЙСЕДЕНОВА,**
**Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-де «Атырау МӨЗ-да тікелей айдау нафтасын және керосин-гозойл фракциясын ағызуға арналған инфрақұрылым салу» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есебі (ЫӘТЕ) бойынша аралас форматта (ашық отырыс және бейнеконференция) қоғамдық тыңдаудың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Көзделіп отырған қызметтің орны, учаскенің координатасы:

«АМӨЗ» ЖШС, Атырау қ., Зейнолла Қабдолов даңғылы, 1, (жұмыс істейтін кәсіпорынның аумағы). Учаскенің координатасы: 1. 47°03’46» (с.е.); 51°55’56» (ш.б.); 2. 47°03’46» (с.е.); 51°56’37» (ш.б.); 3. 47°03’37»(с.е.); 51°56’32» (ш.б.); 4. 47°03’34» (с.е.); 51°55’57» (ш.б.);

Тыңдаудың өтетін күні мен уақыты: 18 наурыз 2025 жыл, сағат 15.00-де.

Тыңдаудың ашық түрде өтетін орны:

Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 12Д, «Infinity Plaza» қонақ үйі, «Atlanta» конференц залы.

Бейнеконференцияға Microsoft Teams арқылы қосылу деректері:

https://www.microsoft.com/ru-ru/microsoft-teams/join-a-meeting

– Конференцияның идентификаторы: 326 678 062 672

– Қосылу коды: HC3iK9p5

Ашық отырыс форматында қатысушыларды тіркеу тыңдау басталғанға дейін, жеке бас куәлігін ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Тыңдауға бейнеконференция форматында қосылатын қатысушылардың тіркеуі конференциялық чатқа хабарлама ретінде тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «АМӨЗ» ЖШС, Атырау қ., Зейнолла Қабдолов даңғылы, 1, БСН 040740000537, тел: 8 (712) 225-9200, e-mail: ref@anpz.kz.

Ықтимал әсерлер туралы есептің әзірлеушісі: «ЭОН Энерго» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6 шағын аудан, 39А ғимарат, БСН: 050240016448, тел.: +7 (701) 111-82-07, e-mail: info@eon.kz.

Жоба бойынша құжаттар https://ecoportal.kz «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналасқан.

Мүдделі жұртшылық тыңдау басталатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz), сондай-ақ жергілікті атқарушы органда «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, тел.: 8 (712) 235-4559, atr.priroda@atyrau.gov.kz. қоғамдық тыңдауға ұсынылған құжаттар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын бере алады.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: тел.: +7 (747) 137-33-66, e-mail: a.zamyatina@eon.kz.


## АРТРО NEW

ЕАЭС №RU Д.RU. PA04.B.68325/22, 25.11.2026




**Артро new.** Кешен буын функцияларын қалпына келтіруге бағытталған, буындарды мерзімінен бұрын бұзылудан сақтайды, буын ішілік сұйықтықтың тұтқырлығы мен серпімділігін қалпына келтіреді, остеоратроз, радикулит, төменгі арқа, өкше саңылаулары, бұлшықет ауруы, сүйек сынуы үшін тиімді.

**Құрамы:** хондроитин, глюкозамилин, мумия, тас майы, лопухтың тамыры, қалақай, дербенник шөбі.

**Қолдану:** пакеттің мазмұнын сумен сұйылту; тамақтанудан 15-30 минут бұрын күніне 2 рет ішіңіз.

Бағасы 2200 тг.

## Секрет Дали

ЕАЭС №RU Д.RU. PA04.B.68325/22, 25.11.2026




Бағасы 3000 тг.

**Далидің құндыз бұлағы мен бұғы мүйізінің сыры.**

**Секрет Дали** - капсулалар өсімдік сығындыларынан жасалған, бұл өнімнің бірегейлігі оның табиғилығында.Секрет Дали кешені ағзаның ең қиын жағдайында күшті әсер етеді: - жедел көмек қажет болғанда, дененің бірнеше функциялары мен жүйелерін қалпына келтіру қажет болғанда, ұзақ емдеуге уақыт болмаған кезде. **Құрамы:** құндыз ағыны, саган-дайля, пантогематоген, марал мүйізінің сығындысы, алтын тамыр, инулин.Аяқтардағы қан айналымын қалпына келтіруге, қалқанша безінің ауруларына, өкпе мен ЛОР мүшелерінің өзгерістеріне, несеп-жыныс жүйесінің бұзылуына, қатты бас ауруларына, склерозға, шуылдауға, импотенцияға, қалқанша безінің ауруларына, без, көру қабілетінің төмендеуіне, бауыр жасушаларының бұзылуына, эпилепсияға, ұйқының бұзылуына ұсынылады. **Қолдану:** күніне 3 рет, бір капсула, тамақтанудан 30 минут бұрын.

## 38 табиғи ингредиенттерден тұратын ерекше бальзам

## «ЭЛИКСИР ЖИЗНИ»

ЕАЭС №RU Д.RU. PA03.B.03795/22, 11.04.2025

Науқан 3+1




Бағасы 3500 тг.

Өсімдік биоқұрылымдық бальзамы 38 компоненгтен тұрады, олардың бірнешеуін ғана атаймыз: теңіз урчины уылдырығы гормоналды тепе-теңдікті қалыпқа келтіреді, рак клеткаларын жояды, қанды тазартуға ықпал етеді, жүрек-тамыр жүйесін нығайтады, денені жасартады; резвератрол миды жақсартады және қорғайды, ұзақ өмір сүруді белсендіреді; липой қышқылы қандағы қантты төмендетеді, бактериялық, саңырауқұлақ және вирустық инфекциялармен күреседі; кордицепс жүйке, эндокриндік, тыныс алу және жыныстық жүйелерге пайдалы әсер етеді, тромбозға ықпал етеді; С дәрумені коллаген синтезін ынталандырады; женьшень иммуниетті жақсартады, орталық жүйке жүйесін ынталандырады; маралий корен бүкіл ағзаға әлдендіргіш әсер береді; тас майы организмдегі минералдардың жетіспеушілігін өтейді, өзін-өзі реттеу процесін реттейді; фолий қышқылы терінің жағдайын, қан айналымын жақсартуға көмектеседі. Толық композиция осы өнімнің қорабында көрсетілген.

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ» бальзамы - бірегей өнім, организмді тазартып, қалпына келтіреді. Мидың жұмысын жақсартады, қысымды қалыпқа келтіреді; асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартады; гемоглобин мен қант деңгейін қалыпқа келтіреді. Остеспоразбен ауыратын науқастар үшін үлкен көмекші әсер бар. Склероздың дамуына жол бермейді, жадты жақсартады. Жүрек-қантамыр жүйесін қалыпқа келтіреді. Инфаркт пен инсульттың алдын алады.

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ» бальзамы – химиялық құрамы жоқ нағыз табиғи өнім.

## Офтальфарм Актив көзтамшысы

ЕАЭС N RU D-RU.PA05.B.79469/22 21.08.2025




Бағасы 1500 тг.

Көру аппаратының функцияларына арналған табиғи шөптерге негізделген көз тамшысы. Құрамында: көздәрі, алоэ, қырмызы, ағашта өсетін саңырауқұлақ, трилан В және т.б.шөптер. Катарактаға, глаукомаға, көру өткірлігін жақсартуға, арпадан арылуға, көздің алдыңғы бөлігінің ауруларына, жас ағуға ұсынылады.

**Күніне 3 рет 2 тамшыдан қолданыңыз. 3 курс ұсынылады. 1 курс – 2 құты.**

11 ақпан, сағат 12.00-13.00-ге дейін, Атырау қ., «Алматы» қонақ үйі, (Махамбет к-сі, 125 а, кіру Әлипов к-сі жағынан).

**Байланыс телефондары:**
**8 701 190 57 39,**
**8 777 184 82 77,**
**8 702 138 59 50.**

# ДЕНСАУЛЫҚ АЛТАЙДАН

## РАСТОРОПША

ЕАЭС N RU Д-RU.PA03.B.01401/21-25.11.2026




Бағасы 2500 тг.

Бұл өсімдік бауыр жасушаларын қорғайды және қалпына келтіреді, капсулалар құрамында бауыр жасушаларының мембраналарын өзгертуге қабілетті, алкоголь мен қауіпті уланудан қорғайды. Сондай-ақ құрамында С, Е, D, К, В дәрумендері, полиқанықпаған май қышқылдары, макро және микроэлементтер бар. Расторопшаның құрамындағы маңызды май қышқылдары бауырды қорғауға және қалпына келтіруге көмектеседі.

Растропша иммуностимулятор болып табылады, өт өндіруді ынталандырады, интоксикация белгілерін жояды. Бауырдың кез-келген ауруларына, майлы дегенерация жағдайында, өт қабының ауруларына, тоқ ішектің қабынуына, созылмалы іш қатуға, семіздікке, варикозды веналарға ұсынылады, бляшкалардың пайда болуын және тромбоздың дамуын жояды. 1 капсуладан күніне 2 рет тамақпен бірге қабылдаңыз.

## ТАС МАЙЫ

ЕАЭС N RU Д-RU.PA03.B.01401/21-25.11.2026




Бұл табиғи өнім. Бұл 49 минералдың көзі. Иммунитетті жақсартуға, сынған кезде сүйектерді емдеуге, бұлшықет ауырсынуына, тыныс алу жолындағы қабыну процестеріне, қалқанша безінің алдын алу үшін ұсынылады. Холестерин мен қандағы қантты азайтуға көмектеседі.

Күніне 2 рет, бір капсуладан қабылдайсыз.

Бағасы 2500 тг.

## «Жень-шень – Саган Дали»

**Ғылыммен дәлелденген табиғат кереметі**

Науқан 3+1=10500

ЕАЭС NRU Д-RU. AE64. B.05819/19. 06.2028




Бағасы 3500 тг.

**БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:**

Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.);

**Жүйке жүйесі ауруларында:**

- Гипергония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу:
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында.

**Құрамы:** сүйелшөп, қара саңырауқұлақ, спирулина.

Жеңілдік

## Біздің тұтынушыларымыз – біз туралы



***Кравченко Надежда, 79 жаста, Қостанай қаласы.*** *ЭЛИКСИР ЖИЗНИ бальзамын мен 4 жылдан бері пайдаланып келемін. Нәтижелеріне қанағаттанамын. Ұзақ уақыт бойы дәріханаға бармаймын. Бальзам тек шөптен жасалған. Асқазаным ауырмайды, басым ауырмайды, қысымым қалыпты, ұйқым жақсы. Иммунитетімді күшейттім. Суық тию ауруларын жеңіл өткеремін. Мен жақсы нәтиже көргендіктен, жылына 4 курс ЭЛИКСИР ЖИЗНИ бальзамын қабылдаймын.*



***Тарасов Иван, 74 жаста, Қарағанды қаласы.*** *Ұзақ жылдар бойы көмір шахталарында жұмыс істегеннен кейін менде астма пайда болды, құлақта шу басталды. Шахталардағы жарықтың нашарлығынан көруім нашарлай бастады. Газеталардан СЕКРЕТ ДАЛИ өнімдері туралы оқыдым. Бұл препараттың негізгі компоненттері марал панты мен бобрының струясы екен. 6 курс ем қабылдадым. Дем алуым жеңілдеді, құлақтағы шу жоғалды, көруім жақсарды.*

*СЕКРЕТ ДАЛИ-ды менің жұбайым да қолданды. Ол есімді түрде полын гүлдеуіне аллергиясын емдеуге шешім қабылдады. Қызықтысы, осы жылы ол аллергиядан зардап шеккен жоқ. Барлығына кеңес беремін және ұсынамын. Нәтижелері жақсы болатынына сенімдімін.*



***Омарова Сандуғаш, 76 жаста, Қызылорда қаласы.*** *Барлық пайдаланған дәрілерімнің ішінде буын ауруларына, әсіресе тізе буынына қарсы оң нәтиже көрсеткені – АРТРО препараты. Мен оны КАМЕННОЕ МАСЛО-мен бірге кешенді түрде қабылдаймын. Қабылдауы өте ыңғайлы, себебі препараттар капсула түрінде. Оны тамақтанған кезде күніне 2 рет қабылдау керек. КАМЕННОЕ МАСЛО сонымен қатар қандағы қант деңгейін қалыпқа келтіреді. СУСТАФЕРИН жақпа майын сыртқа қолданамын. Осы үш препарат та өте жақсы нәтиже береді. Тізелерім жақсы бүгілетін болды. Сатыдан оңай көтеріліп, төмен түсемін. Буындарым ауырмайды.*

*Менде псориаз да болды. КАМЕННОЕ МАСЛО псориазды жеңуге көмектесті.*



***Қасенов Мақсұт, 78 жаста, Ақтөбе қаласы.*** *Мен бауыр ауруын емдеудің жолын білмей қиналдым. Көптеген дәрілерді сынап көрдім. Үздіксіз таблетка қабылдаудан қыжыл пайда болды. Қан қысымым көтеріле бастады.*

*Енді екінші жыл бойы ЖЕНЬШЕНЬ бальзамын РАСТОРОПША капсулаларымен бірге қабылдап келемін. ЖЕНЬШЕНЬ бальзамы мен РАСТОРОПША капсулалары тек шөптерден жасалған. Қазіргі уақытта өзімді өте жақсы сезінемін. Осы дәрілермен ғана емделуді жалғастырамын.*